

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1251 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 657 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31. N 1349 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалаудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы N 1251 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 42, 386-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы, кіріспедегі және 1-тармақтағы "акциздік алым маркаларымен", "акциздік алым маркаларының" деген сөздер "акциздік маркалармен", "акциздік маркалардың" деген сөздермен ауыстырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалаудың тәртібінде:

тақырыбындағы және мәтініндегі "акциздік алым маркаларымен", "акциз алымы маркаларымен", "акциздік алым маркаларының", "акциздік алым маркаларын", "акциз алымы маркасының", "акциз алымының маркасы", "акциз алымы маркасын" деген сөздер "акциздік маркалармен", "акциздік маркалардың", "акциздік маркаларды" "акциздік марканың", "акциздік марка", "акциздік марканы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - тармақта:

екінші абзацта:

"спирттің барлық түрлері мен" деген сөздер алынып тасталсын; "ыдысына құйылған" деген сөздерден кейін "шарап материалын және" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

"темекі бұйымдары және құрамында темекі бар өзге де бұйымдар (бұдан әрі - темекі бұйымдары) . " ;

5 - тармақта:

үшінші абзацта:

"алты" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

"спирт" деген сөз алынып тасталсын;
т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

"темекі өнімдеріне" деген сөздер "темекі бұйымдарына" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

кестеде "спирт спирттің барлық түрлері" деген жол алынып тасталсын;
6-тармақтың төртінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
кіріс министрлігінің Алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік
бақылау жөніндегі комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Салық комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға
тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі